

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамына тоқсан сайынғы транзит квоталарын бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 19 қарашадағы N 353

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясының қатысуымен Атырау-Самара мұнай құбырына түсетін мұнайдың сапасын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұқтаж қажеттіліктерін ескере отырып, "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы үшін мұнай өндірудің жалпы көлеміне бара-бар тоқсан сайынғы транзит квоталарын бөлуді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде жұмыс тобының мұнай пайдалану келісім-шарттарын әзірлеуге байланысты мәселелерді қарауды қамтамасыз етсін және "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының кен орындары бойынша кен пайдалану келісім-шарттарын заңдарда белгіленген тәртіппен ресімдесін.

Премьер-Министр